КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 03 қазан №2301-23-00-2/2095 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Абденова»,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Абденова» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Абденова» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Абденова» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 13.11.2023
2301-23-3-1/2402

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 13.11.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

2301-23-3-1/2402